

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақтоған ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 4 қазандағы № 02-1/7 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қазанда № 6449 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 4 ақпандағы № 02-1/4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ақтоған ауылдық округі әкімінің 04.02.2019 № 02-1/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабының 3 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шиелі аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2018 жылғы 07 қыркүйектегі № 09-06-515 санды ұсынысына сәйкес Ақтоған ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шиелі ауданының Ақтоған ауылдық округі Досбол датқа ауылы "Мұхит" шаруа қожалығының уақ малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Ақтоған ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас маманы Г.Жүзбаеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтоған ауылдық округі әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Е.Ахметов*